

Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының жедел іздестіру, тергеу, саптық бөлімшелерінің тұрғын жай ұстау және коммуналдық қызметтер шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақыға құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 30 қараша N 1275. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 854 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.07.2014 № 854 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" 2002 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 22-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының жедел іздестіру, тергеу, саптық бөлімшелерінің тұрғын жай ұстау және коммуналдық қызметтер шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақыға құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 2 жылғы 3 0 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 2 7 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының жедел іздестіру, тергеу, саптық бөлімшелерінің тұрғын жай ұстау және коммуналдық қызметтер шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақыға құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының тізбесі

Қаржы полициясы органдарының жедел іздестіру, тергеу, саптық бөлімшелерінің қызметкерлері:

1. Орталық атқарушы орган.

Төрағаның орынбасарлары, департаменттер бастықтары мен олардың орынбасарлары, басқармалар (жеке, департаменттер құрамындағы) бастықтары

мен олардың орынбасарлары, бөлім, бөлімшелер (департамент, басқарма құрамындағы) бастықтары мен олардың орынбасарлары, аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторлар, аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушілер, аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторлар - жедел кезекшілер, аға инспекторлар, аға тергеушілер, аға инспекторлар - жедел кезекшілер көмекшілері, жүргізуші қызметкерлер .

2. Аумақтық органдар .

Департаменттер бастықтары мен олардың жедел жұмыс, тергеу жұмысы, кадр және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі орынбасарлары, басқармалар бастықтары мен олардың орынбасарлары, бөлімдер (жеке, басқармалар құрамындағы) бастықтары мен олардың орынбасарлары, бөлімшелер (жеке, бөлімдер құрамындағы) бастықтары, аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушілер, аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторлар, анықтау аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторлары, аса маңызды істер жөніндегі аға инспектор - департамент бастығының режим жөніндегі көмекшісі, арттехқару аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторлары, аға тергеушілер, аға инспекторлар, аға инспекторлар - жедел кезекшілер, арттехқару аға инспекторлары, анықтау аға инспекторлары, тергеушілер, инспекторлар, анықтау инспекторлары, инспекторлар - жедел кезекшілер көмекшілері, кіші инспекторлар мен жүргізуші қызметкерлер .

Қаржылық қылмыстарды анықтау жөніндегі аймақаралық басқармалар бастықтары мен олардың орынбасарлары, аймақтар бойынша қаржы полициясы басқармаларының бастықтары мен олардың жедел және тергеу жұмысы жөніндегі орынбасарлары, ауданаралық қаржы полициясы басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары және олардың орынбасарлары, қалалар мен аудандар бойынша қаржы полициясы бөлімдерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары, аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушілер, аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторлар, анықтау аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторлары, аға тергеушілер, аға инспекторлар, аға инспекторлар - жедел кезекшілер, анықтау аға инспекторлары, тергеушілер, инспекторлар, анықтау инспекторлары, инспекторлар - жедел кезекшілер көмекшілері, кіші инспекторлар мен жүргізуші қызметкерлер .

3. Мамандандырылған органдар .

Департаменттер бастықтары мен олардың жедел жұмыс, тергеу, кадр және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі орынбасарлары, басқармалар бастықтары мен олардың орынбасарлары, бөлімдер (жеке, басқармалар құрамындағы) бастықтары мен олардың орынбасарлары, бөлімшелер (жеке, бөлімдер құрамындағы) бастықтары, аймақаралық басқармалар бастықтары мен олардың орынбасарлары, аймақаралық және ауданаралық бөлімдер бастықтары мен

олардың орынбасарлары, аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушілер, аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторлар, анықтау аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторлары, аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторлар - департамент бастығының режим жөніндегі көмекшілері, аға тергеушілер, аға инспекторлар, аға инспекторлар - жедел кезекшілер, анықтау аға инспекторлары, тергеушілер, инспекторлар, анықтау инспекторлары, инспекторлар - жедел кезекшілер көмекшілері, кіші инспекторлар мен жүргізуші қызметкерлер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК